


«Кванттық сәуле шығарудың табиғаты» атты тақырыпта физикадан өткен ашық сабақ туралы хабарлама

«Физика және химия» кафедрасының профессор қызметін атқарушы, ф-м.ғ.к Абельдина Жайдары Қалтаевна 13 қазан 2016 жылы 5В071100 – Геодезия және картография мамандығының 2 курс студенттеріне «Кванттық сәуле шығарудың табиғаты» атты тақырыпта ашық дәріс сабағын өткізді.


Дәрістің басты мақсаты студенттерге кванттық сәуле шығарудың құрамы туралы түсінік бере отырып, кванттық оптика мен фотометриядағы негізгі заңдар мен құбылыстар туралы ұғым қалыптастыру. Білімгерлерді дамыту мақсатында сын тұрғысынан ойлау және интеллект дамыту, нобайлау және талдау, қорытындылау, қорытынды жасай білу қабілетін, логикалық ойлау дамыту басты назарда болды. Сабақтың тәрбиелік мақсаты - студенттерді дүниетанымдық түсінігі (себеп – салдарлық байланыстарды қоршаған әлемде).

Сабақта техникалық құралдардың көмегімен, яғни мультимедиялық тақта, мультимедиялық проектор, техникалық және коммутациялық мүмкіндіктерін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен электрондық қалам арқылы формулалар, сызбалар қорытылып шығарылды.

Оптикадағы кванттық құбылыстар, Жарықтың екі жақтылық табиғаты атты арнайы слайдтар мен «Кванттық физика» атты видеокөрніс көрсетіліп, сабақта проблемалық оқыту әдісінің элементтерін қолданылды.



Студенттер сабаққа белсенді қатысып, оқытушының қойған проблемалық сұрақтарына жауап беріп, дәрісті бірге қорытындылады. Сабақ кезінде дәрісте видеотүсірілім жасалды.



Ашық сабақтан кейін кафедрада оқытушылар дәрістің жүрісін талдай отырып, жоғары кәсіби дәріскерлігін атап өтіп, болашақта біліктілікті көтеру және жетілдіру қажеттілігі ұсынылды.